**ЕРЕЖЕ**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ

Бекітемін
Басқарма Төрағасы-Ректор
_____________ Е. Әмірбекұлы
21.04 _____________2026 ж.

# ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Павлодар қ.**

## Алғысөз

1 Жұмыс тобымен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
Жұмыс тобының жетекшісі – Жакиенова А.А.

**2 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:** . Жакиенова А.А, Төрехан М.Е., Абдрахманова Д.К.

Бұл ережені «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға тыйым салынған.

**Мазмұны**


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 4 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 5 |
| 3 | Анықтамалар | 5 |
| 4 | Белгілер және қысқартулар | 6 |
| 5 | Дуальды элементтермен оқытуды ұйымдастыру | 6 |
| 6 | Дуальды оқыту жөніндегі құжаттар | 6 |
| 7 | Дуальды оқытудың мақсаттары мен міндеттері | 7 |
| 8 | Дуальды оқыту элементтерімен білім беру үдерісін ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі | 7 |
| 9 | Дуальды білім беру порталында жұмыс істеу | 8 |
| 10 | Дуальды оқытуды ұйымдастыру үдерісіне қатысушылардың функциялары | 10 |

А қосымшасы Оқу жоспарының нысаны 14
Б қосымшасы Дуальды оқыту бағдарламасының нысаны 18
В қосымшасы Дуальды оқыту туралы шарттың нысаны 19
Г қосымшасы Академиялық күнтізбенің нысаны 28
Д қосымшасы Дуальды оқыту күнделігі мен пікірінің нысаны 30
Е қосымшасы Келісу парағы 33

## 1 Жалпы ережелер

1.1. Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) техникалық және жоғары кәсіптік педагогикалық білімі, жалпы орта білімі бар, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеретін, күндізгі оқу нысанындағы білім алушылардың «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ-да (бұдан әрі – Университет) **дуальды оқыту элементтер** бар білім беру үдерісін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2. Дуальды оқыту - кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының (ҚР Еңбек Кодексі, Білім туралы Заң) тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

Осыған сәйкес университетте дуальды оқыту элементтерін енгізу қажетті ресурстарға ие университеттің білім беру ұйымының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде ЖОО-да оқытуды өндірістік оқытумен және білім беру ұйымдарында кәсіптік практикамен ұштастыра отырып, мектепке дейінгі, орта, техникалық, кәсіптік, қосымша, арнайы білім беру жүйесі үшін педагог кадрларды даярлау нысанын жүзеге асыруға бағытталған.

1.3 Университетте дуальды оқыту элементтерін енгізу педагог кадрларды даярлау деңгейін жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындатуды, кәсіптік даярлау сапасын арттыруды, оқытудың практикамен, білім беру жүйесімен байланысын нығайтуды, әлеуметтік әріптестікті дамытуды қамтамасыз етуге арналған.

1.4 Дуальды оқыту элементтерін енгізу екі форматта жүзеге асырылады:

1) жалпы орта білім беру базасында – теориялық оқыту университет базасында, өндірістік оқыту – білім беру ұйымы базасында сабақ кестесінде белгіленген күндер бойынша іске асырылады;

2) ТжКБ және ЖКБ базасында - теориялық және өндірістік оқыту университет пен білім беру ұйымының базасында қатар жүзеге асырылады.

1.5 Дуальды оқыту элементтерін енгізу дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

1.6 Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртібі қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

1.7 Дуальды оқыту туралы шарт негізінде білім беру ұйымы өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді бекітеді.

1.8 Дуальды оқыту элементтерін енгізу бойынша университеттің жоғары мектептерінің қызметін үйлестіруді академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің цифрлық білім бөлімі жүзеге асырады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы ережені әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (№ 15-VIII 04.07.2023 жылғы редакциясында)

2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (№ 72-VII 19.04.2024 жылғы редакциясында)

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (2026 жылғы 4 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістері мен толықтыруларымен)

4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 28916 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

5. ҚР Білім және ғылым министрінің № 152 бұйрығымен бекітілген (26.03.2025 жылғы № 134 редакциясында) 2011 жылғы 20 сәуірдегі Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары.

6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы.

7. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ЖЖБД 2019 жылғы 29 қазандағы № 14-4/1610-1 хатпен жіберілген білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

## 3. Анықтамалар

Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

**Дуальды оқыту туралы шарт** - өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту үшін жұмыс орнын ұсынатын білім алушы білім беру ұйымы мен университет арасындағы жазбаша келісім;

**Өндірістік оқыту** - білім беру ұйымдарының базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту;

**Тәлімгер** - заманауи білім беру технологияларын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын білім беру ұйымының білікті педагогі;

**Білім беру ұйымдары** - бір немесе бірнеше білім беру бағдарламасын іске асыратын және (немесе) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді (балабақша, мектеп, мектеп-интернат және т. б.) күтіп-бағуды және тәрбиелеуді қамтамасыз ететін заңды тұлғалар;

**Білім алушыларды аралық аттестаттау** – білім алушылардың бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

**Білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

**Кәсіптік практика** – болашақ кәсіптік қызметпен байланысты жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, іскерлікті бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі;

**Дуальды білім беру порталы** – оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдардан тұратын білім беру порталы.

## 4. Белгілер және қысқартулар

Осы ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:
КеАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;
ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім;
ЖКБ – жоғары кәсіптік білім;
Жалпыға орта білім – жалпыға міндетті орта білім;
ЖЖБД - жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті;
ББ – білім бағдарламасы;
«Платон» ААЖ – «Платон» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
АО – академиялық офис;
ЖМ – жоғары мектеп.

## 5. Дуальды элементтермен оқытуды ұйымдастыру

5.1 Дуальды оқытуға қатысушылар:
- «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ;
- Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары;
- Университеттің студенттері - білім алушылары.

## 6. Дуальды оқыту жөніндегі құжаттар

6.1 Дуальды процесті ұйымдастыру үшін келесі құжаттар қолданылады:
- Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже;
- А қосымшасына сәйкес білім беру ұйымымен келісілген білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары;
- Б қосымшасына сәйкес дуальды оқыту бағдарламасы;
- Кәсіптік практиканың бағдарламасы;
- В қосымшасына сәйкес дуальды оқыту туралы шарт;
- Білім алушыларды дуальды оқытуға қабылдау/ауыстыру туралы бұйрық;
- Тәлімгерлерді бекіту туралы бұйрық;
- Г қосымшасына сәйкес академиялық күнтізбе;
- Д қосымшасына сәйкес дуальды оқытудың күнделігі.

## 7. Дуальды оқытудың мақсаттары мен міндеттері

7.1 Дуальды оқытудың мақсаты: білім алушылардың жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын даярлау бағыттары бойынша сапалы игеруі, сондай-ақ олардың кәсіптік салада жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруі.

7.2 Дуальды оқытудың негізгі міндеттері:

- педагог кадрлардың кәсіптік даярлығын жетілдіру;
- білім берудің сапасын жоғарылату;
- еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің нақты талаптарына сәйкес педагогтерді даярлау;
- оқытудың практикамен, білім беру жүйесімен байланысын нығайту;
- білім беру жүйесінің нақты жағдайларында білім алушыларға кәсіптік тәжірибе беру үшін жағдай жасау;
- кадрлық әлеуетті және жұмыс берушілердің материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- әлеуметтік әріптестікті дамыту.

7.3 Дуальды оқытуды ұйымдастыру мен өткізуге ББ жетекшілері, жоғары мектептердің декандары, академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің құрылымдық бөлімшелерінің, білім беру ұйымдарының басшылары дуальды оқыту туралы жасалған шарттарға сәйкес жауапты болады.

## 8. Дуальды оқыту элементтерімен білім беру процесін ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі

8.1. Дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін университет жоғары мектеп декандарымен, ББ жетекшілерімен бірлесіп:

- дуальды оқыту туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- білім беру бағдарламасы негізінде дуальді оқытудың оқу жоспарларын, силлабустарды, пән бойынша дуальді оқыту бағдарламаларын, кәсіптік практика және қорытынды аттестаттау бағдарламаларын, дуальді оқыту күнделігін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт жасайды және қол қояды;
- білім алушыларды дуальды оқытуға іріктейді (білім алушылармен әңгімелесу нәтижелері бойынша);
- ЖОБ, ТжКБ және ЖКБ базасында білім алушылармен, білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады;
- білім алушыларды дуальды оқыту нысанына қабылдауға/ауыстыруға бұйрық шығарады;
- академиялық күнтізбені әзірлейді және бекітеді;
- тәлімгерлер туралы бұйрық шығарады;
- облыстық білім басқармасымен, білім беру ұйымдарымен бірлесіп даярлау бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады.

8.2 Білім бағдарламасының жетекшілері оқу жоспарына сәйкес элементтерімен қоса, білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етеді.

8.3 Оқу процесін ұйымдастыру университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

8.4 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кредиттік технологияға сәйкес жүзеге асырылады.

8.5 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру теориялық, өндірістік оқытуды және кәсіптік тәжірибені қамтиды. Бұл ретте білім алушылар меңгеретін оқу материалының бөлінуі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

8.6 Өндірісте оқыту кезінде тәлімгерлер тағайындалады. Тәлімгерлердің даярлық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты болуы тиіс, жоғарыда көрсетілген біліктіліктер болмаған кезде "педагог-сарапшы"біліктілігіне жол беріледі.

8.7 Оқытушылар, тәлімгерлер білім беру бағдарламасы, жұмыстың оқу бағдарламалары, силлабустар және оқытудың үздік тәжірибелері негізінде оқыту әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

8.8 Университет білім алушыларға оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар орналастырылған білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

8.9 Университет білім алушыларге оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдардан тұратын MOODLE платформасындағы дуальды оқытудың білім беру порталына, «Платон» ААЖ-ға және электронды кітапханаға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

8.10 Білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды бағалауды жүргізу тәртібі академиялық адалдық қағидаттарына, Академиялық саясатқа және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне, оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS жүйесіне аудару арқылы анықталады және сақталады.

Университет оқытушысы «Платон» ААЖ жүйесіне білім алушылардың оқу жетістіктерінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын, сабаққа қатысуын, сондай-ақ дуалды оқыту порталында тәлімгерлер қойған балдарын енгізеді.

## 9. Дуальды білім беру порталында жұмыс істеу

9.1 Білім алушылар және олардың тәлімгерлеріне дуальды оқыту порталындағы жеке кабинеттің логині мен құпия сөзін АО мамандары береді.

9.2 Студенттер дуальды оқыту бағдарламасына сәйкес дуальды оқыту порталында оқытушылар мен тәлімгерлердің тапсырмаларын орындайды, оларды тиісінше бірінші және екінші аралық бақылау алдында тексеруге жібереді.

9.3 Студенттер дуальды оқыту күнделігін жүргізеді, екінші аралық бақылауға дейін тәлімгерден кері байланыс алады, күнделікке тәлімгермен, білім беру ұйымының басшысымен қол қояды, қолын мөрмен куәландырады және дуальды оқыту порталында орналастырады.

9.4 Тәлімгерлер дуальды оқыту порталында тәлімгермен тапсырмалар үшін бағаларды тиісінше бірінші және екінші кезеңдік бағалаулар алдында орналастырады.

9.5 Тәлімгерлер дуальды оқыту күнделігін тексереді, екінші аралық бақылауға дейін студентке пікір жазып, қол қояды.

9.6 Студенттер мен тәлімгерлер әр семестрдің басында жұмыс орнынан ағымдағы растайтын құжаттарды тапсыруы қажет.

9.7 Студенттерді аралық бағалауды университет дуальды оқытуға қатысатын тәлімгерлерді тарта отырып жүргізеді.

9.8 Оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін және қажетті кредиттер санын алғаннан кейін студент университетте қорытынды аттестаттаудан өтеді.

9.9 Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім беру бакалавры дәрежесі, оған сәйкес біліктілік және қосымшасы (транскрипт) бар жоғары білім туралы диплом беріледі.

9.10 ЖОБ негізінде студенттерге дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру:

- дуальды оқыту негізінен 3-4 жас аралығындағы студенттер үшін жүзеге асырылады;
- білім алушыларды дуальды оқыту нысанына көшіру жеке өтініші негізінде жүзеге асырылады;
- теориялық оқыту ЖОО-да, ал өндірістік оқыту оқу-сабақ кестесінде белгіленген күндерде білім беру ұйымында жүргізіледі. Сабақ кестесін университет білім беру ұйымымен бірлесіп жасайды және бекітеді;
- әрбір пән бойынша емтиханның нысаны білім беру ұйымымен шарт жасау кезінде келісіледі;
- студенттердің өндірістік оқытуға қатысуы бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

9.11 Техникалық және кәсіптік білім беру және жоғары кәсіптік білім беру негізінде білім алушыларға дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру:

- Дуальды оқыту элементтері бар оқуға қабылдау және көшіру шарты техникалық немесе жоғары кәсіптік педагогикалық білімінің болуы және мамандық бойынша білім беру ұйымында жұмыс істеу болып табылады;
- университет пен білім беру ұйымында теориялық және өндірістік оқыту қатар жүргізіледі;
- әр академиялық кезеңде университет базасында оқытушылармен өткізілетін байланыс сабақтары қарастырылған, оларға студенттердің қатысуы міндетті;
- кәсіптік практика студент үшін оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады және академиялық кезеңмен қатар жүргізіледі.

9.12 Кәсіптік практика бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Аралық аттестаттаудың қорытындысын шығару кезінде кәсіптік практиканың нәтижелері ескеріледі.

9.13 Әрбір академиялық кезеңнің басында ұйымдастыру апталығы өткізіледі. Мақсаты – дуалды оқыту бағдарламасына сәйкес оқу пәндерін меңгеру, дуальды оқыту күнделігін жүргізу, ағымдағы және аралық аттестаттауды өткізу үшін білім алушылар, ЖОО оқытушылары мен білім беру ұйымдарындағы тәлімгерлер арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі мен оқу нәтижелерін айқындау.

9.14 Аралық бақылау бағасы мен қорытынды бағаны университет оқытушысы қояды. Тәлімгер қойған ағымдағы бағаларды ЖОО оқытушысы «Платон» ААЖ-ға ауыстырады.

9.15 «Жоғары мектептердің декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесіп, білім алушылардың білім беру ұйымдарында қолданыстағы: Жарғыны, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі талаптарын және өзге де локальдік актілерді сақтауына жауапты болады.

9.16 Жоғары мектептердің декандары білім беру бағдарламаларының жетекшілерімен бірге оқу жылы бойы дуальді оқытудың іске асырылуына мониторинг жүргізеді, оқу жылының соңында есеп қалыптастырады және оны декандармен өткізілетін кеңесте ұсынады.

## 10. Дуальды оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары

**10.1 Университеттің функциялары:**

- дуальды оқыту туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- дуальды оқу түріне қабылдау/ауыстыру туралы бұйрық шығарады;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп тәлімгерлер туралы бұйрық шығарады;
- білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт жасайды және қол қояды;
- облыстық білім басқармаларымен, білім беру ұйымдарымен бірлесе отырып, кадрларды даярлау бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- оқу үдерісіне қажетті жағдайлар жасайды;
- білім беру бағдарламалары негізінде оқу жоспарларын және силлабустарды, дуальді оқыту бағдарламасын, кәсіптік практика бағдарламаларын, қорытынды аттестаттау бағдарламасын, дуальді оқыту күнделігін әзірлейді және бекітеді;
- академиялық күнтізбе мен сабақ кестесін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесе отырып ЖББ базасында білім алушыларға арналған сабақ кестесін әзірлейді және бекітеді;
- университетте аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді;
- білім алушыны аралық және қорытынды аттестаттау кезінде білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін есепке алуды және бақылауды қамтамасыз етеді;
- Мемлекеттік білім беру стандартына, оқу жоспарына және білім беру бағдарламасына сәйкес оқытудың толық көлемінде білім алушылардың кредиттерді меңгеруіне жауап береді;
- білім алушылардің педагогикалық әдеп қағидалары мен нормаларын, академиялық адалдықты сақтауына жауапты;
- білім алушылардың Жарғыны, ішкі еңбек тәртібін, еңбекті қорғау талаптарын, өмір қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі және басқа да жергілікті актілерді, білім беру ұйымының мүлкін пайдалану талаптарын сақтауына жауап береді;

- дуальды білім беру порталында оқу үдерісі үшін қажетті жағдайлар жасайды.

**10.2 Білім беру ұйымының функциялары:**

- университетпен дуальды оқыту туралы шарт жасасады;
- Университетпен бірлесіп, мамандарды даярлау бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- Университетпен бірлесе отырып, ЖББ негізінде білім алушыларге арналған сабақ кестесін әзірлейді және бекітеді;
- жылына екі рет, әр семестр басталғанға дейін білім алушылардың және тәлімгерлердің білім беру ұйымдарында жұмыс істейтіні туралы мәліметтерді растайды;
- білім алушыға тәлімгерді белгілейді және тәлімгер туралы ақпаратты Университетке береді;
- өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибеден өту үшін орындарды ұсынады және қауіпсіз жағдайлар жасайды және шартта көзделген міндеттерді орындайды;
- оқу жоспарына, білім беру бағдарламасына, дуальды оқыту бағдарламаларына, силлабустар және кәсіптік практика бағдарламасына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- Жарғымен, еңбек жағдайларымен, нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау шарттарымен таныстырады;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы туралы заңнамада және білім беру ұйымының жергілікті құжаттарында көзделген нұсқаулықтардың барлық түрін өткізеді.

**10.3 Білім алушылардың функциялары:**

- Осы ережемен танысады, оның талаптарын сақтайды және көзделген шарттарды орындайды.
- Жұмыс жағдайларымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысады.
- Оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібін, білім беру ұйымының Жарғысын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтайды.
- Педагогикалық әдеп, академиялық адалдық қағидалары мен нормаларын сақтайды.
- Академиялық күнтізбеде және сабақ кестесінде белгіленген мерзімде өндірістік оқыту бойынша білім беру ұйымына, ал университетке теориялық оқытуға келеді.

Білім беру ұйымына/университетке келмеген жағдайда, тиісінше тәлімгерге, кураторға, оқытушыға болмау себебін хабарлайды.

Ауру кезінде бір апта ішінде медициналық анықтама береді.

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына толық сәйкес кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды меңгереді, сабақтарға қатысады, дуальды білім беру порталында тапсырмаларды орындайды, кәсіби тәжірибеден өтеді.
- Дуальды оқыту және кәсіптік практика күнделіктерін жүргізеді, тәлімгерге атқарылған жұмыс туралы есеп береді, дуальды оқыту порталына тәлімгермен және ұйым басшысымен келісілген дуальды оқыту күнделігін тіркейді.

- Жылына екі рет, әр семестр басталғанға дейін жұмыс орнынан ағымдағы растайтын құжаттарды ұсынады.

- Материалдық-техникалық базаға, мүлікке, жабдыққа, білім беру ұйымы мен университеттің құжаттамасына ұқыпты қарайды, оны ұтымды пайдаланады, оқу үшін қалыпты жағдай жасауға қатысады.

- Академиялық кезең аяқталғаннан кейін университет базасында емтихан сессиясының кестесіне сәйкес аралық аттестаттаудан өтеді.

- Оқудың толық курсын сәтті аяқтап, қажетті кредиттер санын алғаннан кейін университетте қорытынды аттестаттаудан өтеді.

**10.4 Тәлімгердің функциялары:**

- Білім алушылардың оқу-өндірістік қызметін мақсаттар мен міндеттерді, оқытылатын пәндерді, кәсіптік практиканы ескере отырып ұйымдастырады, білім алушыны оқытады.

- Білім алушыға білім беру қызметімен, білім беру ұйымының корпоративтік мәдениетімен және педагогтердің кәсіби дамуымен танысуға жәрдемдеседі.

- Білім алушыны лауазымдық міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындаудың практикалық әдістері мен тәсілдеріне үйретеді.

- Білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

- Білім алушының жіберген қателіктерін анықтайды және бірлесіп жояды, бар кемшіліктерді жоюға көмек көрсетеді.

- Білім алушының өзінің кәсіби міндеттерін орындауда жауапты қарым-қатынасын, сондай-ақ жұмыс әріптестеріне құрметпен қарауын қалыптастырады.

- Білім беру бағдарламасының бейіні бойынша мұғалімнің кәсіби қызметінің негіздерін түсіндіреді, оны орындау әдістеріне түсініктеме береді.

- Білім беру ұйымының тікелей басшысының келісімімен білім алушыны оқыту үшін басқа педагогтерді қосады.

- Білім алушыдан білім беру қызметіне байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды, практикалық тапсырмаларды орындауды талап етеді.

- Білім алушылардың білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын, санитарлық, өртке қарсы және өзге де жалпыға міндетті нормаларды және қағидаларды сақтауын, оларды практикалық оқытуға байланысты барлық мәселе бойынша нұсқауларды орындауын бақылайды.

- Басшылық алдында студентті өндірістік оқытуға қажетті жағдайлар жасау туралы өтініш жасайды.

- Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, оның барлық кезеңінде оқыту нәтижелерін бағалауды жүргізеді.

- Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын қоса алғанда, оқу және жоспарлау құжаттамасының сақталуын қадағалайды.

- Дуальды оқыту күнделігін жүргізуді талап етеді.

- ЖОО оқытушыларын білім беру ұйымы базасында оқыту процесі, пәнді меңгеру, оқытудың ағымдағы нәтижелері және білім алушының мінез-құлқы туралы хабардар етеді.

- Дуальды оқыту күнделігіне жазбаларды уақытылы енгізеді.

- Ағымдағы бағаларды уақытылы қояды, дуальды оқыту күнделігінде семестр аяқталғаннан кейін білім алушы туралы кері байланыс жасайды.

- Университет өткізетін білім алушылардың аралық аттестаттауына қатысады.

- Талап ету бойынша оқу ұйымына жұмыс орнынан растайтын анықтама ұсынады.

- Білім алушының білім беру, қоғамдық қызметіне байланысты мәселелерді талқылауға қатысады, білім беру ұйымының басшысына оны көтермелеу және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді.

- Осы ережемен танысады, оның талаптарын сақтайды және көзделген шарттарды орындайды.

**А қосымшасы**

(міндетті)

**Оқу жоспарының нысаны**

Н.4 – 81

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ / ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН / PAVLODAR PEDAGOGICAL UNIVERSITY NAMED AF

ОҚУ ЖОСПАРЫ / УЧЕБНЫЙ ПЛАН / WORK CURRICULUM

Білім беру бағдарламасы / Образовательная программа / Work curriculum – шифр "Білім беру бағдарлама" / шифр "Название образовательной программы" / шифр "Name of Educational Program"

Білім беру траекториясы/Образовательная траектория - Көркем еңбек, бейнелеу өнері, графика және жобалау мұғалімін даярлау/ Подготовка учителя художественного труда, изобразительного искусства, графики и проектирования // Қосымша білім беру педагогын даярлау/ Подготовка педагога дополнительного образования

Оқу нысаны / Форма обучения / Study form – күндізгі қысқартылған (дуалды) 2 жыл оқу / очная сокращенная (дуальное) 2 года обучения / short full-time (dual training) 2 years of study

Оқу мерзімі / Срок обучения / Duration of training – 2 жыл / 2 года / 2 years

Түскен жылы / Год поступления / Year of admission – 2025 жыл / 2025 год / 2025 year

Біліктілік / Квалификация / Qualification – Көркем еңбек, графика және жобалау мұғалімі/Қосымша білім беру педагогы / Учитель художественного труда, графики и проектирования/Педагог дополнительного образования / Teacher of art work, graphics and design/Teacher of additional education

Берілетін дәреже / Присуждаемая степень / Degree awarded – 6B01471-Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры / Бакалавр образования по образовательной программе 6B01471-Художественный труд, графика и проектирование / Bachelor of education in the educational program 6B01471-Artistic work, graphics and design

| Модульдің атауы / Название модуля | Пәннің циклі / Цикл дисциплины | Пәннің коды / Код дисциплины | Оқу пәндердің атауы / Наименование учебных дисциплин | Академ. кредит / Академ. кредитов | Бақылау нысаны / Формы контроля | | ОҚБ / СПО | | Білім алушылардың академиялық сағаттағы жұмыс көлемі / Объем работы обучающегося в академических часах | | | | | | | | | 1 курс | | 2 курс | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Семестр бойынша емтихан / Экзамен по семестрам | Курстық жұмыс / Курсовая работа | Сағат саны / Количество часов | Кредит саны / Количество кредитов | Барлық академ сағаты саны / Всего академ. Часов | Дәріс / Лекции | Практикалық сабақтар / Практические занятия | Зертханалық / студиялық сабақтар/Лабораторные / Студийные занятия | СӨОЖ / СРСП | СӨЖ / СРО | Аралық аттестатгу / Промежуточная аттестация | Университеттегі сағат саны/Количество часов в университете | Білім беру ұйымы базасындағы сағат саны/Количество часов на базе организации | 1-семестр | 2-семестр | 3-семестр | 4-семестр |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жалпы білім беру пәндері / Общеобразовательные дисциплины / General education disciplines** | | | | 56 | 2 | | 1230 | 53 | 90 | 15 | 15 | | 15 | 30 | 15 | 36 | 54 | | 3 | | |
| **Міндетті компонент / Обязательный компонент / Required component** | | | | 51 | 2 | | 1080 | 48 | 90 | 15 | 15 | | 15 | 30 | 15 | 36 | 54 | | 3 | | |
| 1. Тарихи-дүниетанымдық құзыреттілік / Историко-мировоззренческих компетенций / Historical and | MK/OK/RC | IK 1101 | Қазақстан тарихы / История Казахстана / Histori of Kazakhstan | 5 | 2 | | 60 | 2 | 90 | 15 | 15 | | 15 | 30 | 15 | 36 | 54 | | 3 | | |
| | MK/OK/RC | Fil 2102 | Философия / Философия / Phylosofi | 5 | 3п | | 150 | 5 | | | | | | | | | | | | | |
| 2. Аспаптық-коммуникативтік модуль / Инструментально-коммуникативный модуль / Instrumental and communicative module | MK/OK/RC | IKT 1103 | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар / Информационно-коммуникационные технологии / Information and Communication Technologies | 5 | 1п | | 150 | 5 | | | | | | | | | | | | | |
| | MK/OK/RC | IYa 1104 | Шетел тілі / Иностранный язык / Foreign language | 10 | 2п | | 300 | 10 | | | | | | | | | | | | | |
| | MK/OK/RC | KRYa 1105 | Қазақ (Орыс) тілі / Казахский (Русский) язык / Kazakh (Russian) language | 10 | 2п | | 300 | 10 | | | | | | | | | | | | | |
| 3. Әлеуметтік-саяси білім / Социально-политических знаний / Socio-political knowledge | MK/OK/RC | MSPZSPKP 1106 | Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) / Модуль социально-политических знаний (социология, политология, культурология, психология) / Socio-political knowledge module (sociology, political science, cultural studies, psychology) | 8 | 1 п | | 60 | 8 | | | | | | | | | | | | | |
| 4. Салауатты өмір салты / Здорового образа жизни / Healthy lifestyle | MK/OK/RC | FK 1107 | Дене шынықтыру / Физическая культура / Physical Training | 8 | 1 п | | 60 | 8 | | | | | | | | | | | | | |
| **Таңдау бойынша компонент / Компонент по выбору / Optional component** | | | | 5 | | | 150 | 5 | | | | | | | | | | | | | |
| 7. Мұғалім рефлексиялық практик ретінде / Учитель как рефлексирующий практик / The teacher as a reflective practitioner | | OPAK 2108 | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері / Основы права и антикоррупционной культуры / Fundamentals of Law and Anti-Corruption Culture | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | TK/KB/OC | EBZh 2108 | Экология және өмір қауіпсіздігі / Экология и безопасность жизнедеятельности / Ecology and life safety | 5 | 3п | | 150 | 5 | | | | | | | | | | | | | |
| | | OENP 2108 | Экономика негіздері және кәсіпкерлік дағдылары / Основы экономики и навыки предпринимательства / Fundamentals of Economics and Entrepreneurship Skills | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **Базалық пәндер / Базовые дисциплины / Basic disciplines** | | | | 138 | | | 1350 | 45 | 2790 | 300 | 465 | | 180 | 1665 | 180 | 1116 | 1674 | 25 | 23 | 24 | 21 |
| **ЖОО компоненті / Вузовский компонент / University component** | | | | 112 | | | 1230 | 41 | 2130 | 210 | 345 | | 150 | 1275 | 150 | 852 | 1278 | 22 | 17 | 19 | 13 |
| 5. Білім алушыларды тұлға ретінде қолдау / Поддержка обучающихся как личностей / Support for students as individuals | ЖК/ВК | OZhZhOD/PPiIO 1201 | Оқытуды жоспарлау және оқытуды даралау/Планирование преподавания и индивидуализация обучения | 4 | 2п | | 120 | 4 | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖК/ВК | IBBO/IOS 2202 | Инклюзивті білім беру ортасы/Инклюзивная образовательная среда | 3 | 3п | | 90 | 3 | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖК/ВК | BZhZZhFDE/ViFORD 1203 | Балалардың жас және физиологиялық даму ерекшеліктері/Возрастные и физиологические особенности развития детей | 3 | 2п | | 90 | 3 | | | | | | | | | | | | | |
| 6. Оқыту үшін сабақ беру және бағалау / Преподавание и оценивание для обучения / Teaching and assessment for | ЖК/ВК | BZhD/OiR 1204 | Бағалау және дамыту/Оценивание и развитие | 4 | 2 | | | | 120 | 15 | 30 | | 15 | 45 | 15 | 48 | 72 | | 4 | | |
| | ЖК/ВК | OAMT/MTP 2205 | Оқыту әдістері мен технологиялары/Методы и технологии преподавания | 5 | 1 | | 60 | 2 | 90 | 15 | 15 | | 15 | 30 | 15 | 36 | 54 | 3 | | | |
| | ЖК/ВК | SB/UK 2206 | Білім берудегі жасанды интеллект/ Искусственный интеллект в образовании | 5 | 3п | | 150 | 5 | | | | | | | | | | | | | |
| 7. Мұғалім рефлексиялық практик ретінде / Учитель как рефлексирующий | ЖК/ВК | Ped/MdP/DP 1207 | Педагогикалық зерттеулер/Педагогические исследования | 4 | 2п | | 120 | 4 | | | | | | | | | | | | | |
| 8. Мұғалім оқытушы | [illegible] | [illegible] | Педагогикалық мамандыққа кіріспе/ Введение в | [illegible] | [illegible] | | [illegible] | [illegible] | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 1 / Учитель как фасилитатор обучения - 1 / | ЖК/ВК | PMK/VPP 1208 | Педагогикалық мамандыққа кіріспе/ Введение в педагогическую профессию | 3 | 3п | | 90 | 3 | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖК/ВК | PP-MMK/ PP- VPP 1209 | Педагогикалық практика- Мұғалім мамандығына кіріспе/ Педагогическая практика - Введение в профессию учителя | 2 | 1п | | 60 | 2 | | | | | | | | | | | | | |
| 9. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 2 / Учитель как фасилитатор обучения - 2 / Teacher as a learning facilitator - 2 | ЖК/ВК | BTGZhONT/NoOiKTO 2210 | Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары/ Наука об образовании и ключевые теории обучения | 3 | 3 | | | | 90 | 15 | 15 | | 15 | 30 | 15 | 36 | 54 | | | 3 | |
| | ЖК/ВК | BBPZhOAMKT/PVOiKViK 1211 | Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары/ Психология в образовании и концепции взаимодействия и коммуникации | 4 | 1п | | 120 | 4 | | | | | | | | | | | | | |
| | ЖК/ВК | PP- PPB/PP- PPO 1212 | Педагогикалық практика- Психологиялық-педагогикалық бағалау / Педагогическая практика - Психолого-педагогическое оценивание | 2 | 2п | | 60 | 2 | | | | | | | | | | | | | |
| 10. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 3 / Учитель как фасилитатор обучения - 3 / Teacher as a | ЖК/ВК | GZhOA/ MPGP 2213 | Графика және жобалауды оқыту әдістемесі/ Методика преподавания графики и проектирования | 4 | 3 | | | | 120 | 15 | 15 | | 15 | 60 | 15 | 48 | 72 | | | 4 | |
| | ЖК/ВК | PP-PT/PP-PP 2214 | Педагогикалық практика - Педагогикалық тәсілдер / Педагогическая практика - Педагогические подходы | 6 | 3п | | 180 | 6 | | | | | | | | | | | | | |
| 11. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 4 / Учитель как фасилитатор обучения - 4 / Teacher as a learning facilitator - 4 | ЖК/ВК | KEBOOA/ MPHTIO 2215 | Көркем еңбек, технология және бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі / Методика преподавания художественного труда, технологии и изобразительного искусства | 7 | 4 | | 60 | 2 | 150 | 15 | 30 | | 15 | 75 | 15 | 60 | 90 | | | | 5 |
| | ЖК/ВК | ZDI/ IRI 2216 | Зерттеулер, даму және инновациялар/ Исследования, развитие и инновации | 5 | 3 | | | | 150 | 15 | 30 | | 15 | 75 | 15 | 60 | 90 | | | 5 | |
| | ЖК/ВК | PP-BBZI/ PP-IIO 2217 | Педагогикалық практика, - Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар / Педагогическая практика, Исследования и инновации в образовании | 15 | 3,4 | | | | 450 | 15 | 60 | | 15 | 345 | 15 | 180 | 270 | | | 7 | 8 |
| 13. Көркемдік - көркем / Художественно-визуальный / Artistic and visual | ЖК/ВК | GZh/GP// SGP/ NGP// CBRZh/PCOR 1218 | Графика және жобалау 1,2 /Графика и проектирование 1,2 | 10 | 1,2 | | | | 300 | 30 | 60 | | 15 | 180 | 15 | 120 | 180 | 5 | 5 | | |
| | ЖК/ВК | ASHS/ AKR 1219 | Академиялық және шығармашылық сурет/ Академический и креативный рисунок | 6 | 1 | | | | 180 | 30 | 30 | | 15 | 90 | 15 | 72 | 108 | 6 | | | |
| 14. Технологиялық / Технологический / Technological | ЖК/ВК | MOP/ POM 1220 | Материалдарды өңдеу практикумы 1,2/ Практикум по обработке материалов 1,2 | 16 | 1,2 | | | | 480 | 45 | 60 | | 15 | 345 | 15 | 192 | 288 | 8 | 8 | | |
| | ЖК/ВК | OTP/ UTP 1221 | Оқу (технологиялық) практикасы/ Учебная (технологическая) практика | 1 | 2п | | 30 | 1 | | | | | | | | | | | | | |
| **Таңдау бойынша компонент / Компонент по выбору / Optional component** | | | | **26** | | | **120** | **4** | **660** | **90** | **120** | | **30** | **390** | **30** | **264** | **396** | **3** | **6** | **5** | **8** |
| 14. Технологиялық / Технологический / Technological | ТК/КВ | TBDT/ DTShI// KMBDT/ DTIIKM 2218 | Тігін бұйымдарының дизайны мен технологиясы 1,2 Дизайн и технология швейных изделий 1,2//Конструкциялық материалдардан жасалған бұйымдардың дизайны мен технологиясы 1,2/Дизайн и технология изделий из [illegible] | 15 | 3, 4 | | 60 | 2 | 390 | 45 | 60 | | 15 | 255 | 15 | 156 | 234 | | | 5 | 8 |
| | ТК/КВ | SKO(K)/DPI(D)// SKO(U)/DPI(M) 1219 | Сәндік-қолданбалы өнер (қыздарға арналған) 1,2/ Декоративно-прикладное искусство (для девочек) 1,2//Сәндік-қолданбалы өнер (ұлдарға арналған) 1,2/ Декоративно-прикладное искусство (для мальчиков) 1,2 | 11 | 1,2 | | 60 | 2 | 270 | 45 | 60 | | 15 | 135 | 15 | 108 | 162 | 3 | 6 | | |
| **Кәсіптендіру пәндер / Профилирующие дисциплины / Profile disciplines** | | | | **38** | | | **60** | **2** | **1080** | **135** | **225** | | **120** | **480** | **120** | **432** | **648** | **4** | **8** | **11** | **13** |
| **ЖОО компоненті / Вузовский компонент / University component/Таңдау бойынша компонент / Компонент по выбору / Optional component** | | | | **38** | | | **60** | **2** | **1080** | **135** | **225** | | **120** | **480** | **120** | **432** | **648** | **4** | **8** | **11** | **13** |
| | ЖК/ВК | AK/AZh 1301 | Академиялық кескіндеме / Академическая живопись | 5 | 2 | | | | 150 | 15 | 30 | | 15 | 75 | 15 | 60 | 90 | | 5 | | |
| | ЖК/ВК | DK/NZh 2302 | Дәстүрлі емес кескіндеме /Нетрадиционная живопись | 7 | 3 | | | | 210 | 30 | 30 | | 15 | 120 | 15 | 84 | 126 | | | 7 | |
| | ЖК/ВК | DKN/ODK 1302 | Дизайн және композиция негіздері /Основы дизайна и композиции | 4 | 1 | | | | 120 | 15 | 30 | | 15 | 45 | 15 | 48 | 72 | 4 | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ТК/КВ | SO/CI//BOMT/MTII 2303 | Сандық өнер /Цифровое искусство// Бейнелеу өнеріндегі мультимедиялық технологиялар/ Мультимедийные технологии в изобразительном искусстве | 4 | 3 | | | | 120 | 15 | 30 | | 15 | 45 | 15 | 48 | 72 | | | 4 | |
| | ТК/КВ | ВОТ/ ІІІ// ABB/AO 2304 | Бейнелеу өнері тарихы/ История изобразительного искусства //Арт-білім беру/Арт-образование | 3 | 2 | | | | 90 | 15 | 15 | | 15 | 30 | 15 | 36 | 54 | | 3 | | |
| | ТК/КВ | MPM/ SPM// BOZT/ SFII 2305 | Мүсін және пластикалық модельдеу/Скульптура и пластическое моделирование// Бейнелеу өнердің заманүи түрлері/ Современные формы изобразительного искусства | 4 | 4 | | | | 120 | 15 | 30 | | 15 | 45 | 15 | 48 | 72 | | | | 4 |
| | ТК/КВ | UTM(K)/KDP(D)// UTM(U)/KDP(M) 2306 | Үй және тамақтану мәдениеті (қыздарға арналған)/ Культура дома и питания (для девочек)// Үй және тамақтану мәдениеті (ұлдарға арналған)/ Культура дома и питания (для мальчиков) | 7 | 4 | | 60 | 2 | 150 | 15 | 30 | | 15 | 75 | 15 | 60 | 90 | | | | 5 |
| | ЖК/ВК | BAKBBU/ ODOD//ShKMZhPUB / UPPUMSh 2307 | Балаларға арналған қосымша білім берудің педагогикасы / Педагогика дополнительного образования детей// Шағын комплектілі мектеп жағдайында педагогикалық үдерісті басқару/Управление педагогическим процессом в условиях малокомплектной школы | 4 | 4 | | | | 120 | 15 | 30 | | 15 | 45 | 15 | 48 | 72 | | | | 4 |
| **Теориялық оқыту бойынша / Итого теоретическое обучение / Total theoretical training** | | | | **232** | **2** | | **2640** | **100** | **3960** | **450** | **705** | | **315** | **2175** | **315** | **1584** | **2376** | **29** | **34** | **35** | **34** |
| **Емтихандар саны / Количество экзаменов / Number of exams** | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **Курстық жұмыстар саны / Количество курсовых работ / Course papers count** | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| **Қорытынды аттестациясы / Итоговая аттестация / Final certification** | **Кредиттер саны / Кол-во кредитов / Number of credits** | **Семестр / Семестр / Term** | **Сағат саны / Кол-во часов / Hours count** |
|---|---|---|---|
| **Кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру 1/ Подготовка и сдача комплексного экзамена 1** | 8 | | 7 |
| **ДДипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру/ Написание и защита дипломной работы дипломной работы (проекта) или два комплексных экзамена** | | | |

Жоспар МЖМС және білім беру бағдарламасының негізінде жасалған/ План разработан на основе ГОСО и образовательной программы

_____ ж. __________ № _____ хаттама, университеттың академиялық кеңесінің отырысында мақұлданды / Одобрено на заседании академического совета университета, протокол № _____ от ____________ _____ г.

Университеттің АҚ төрағасы / Председатель АС университета / Chairman of the University AS ___________________

Академиялық офистің басшысы / Руководитель академического офиса / Head of the Academic Office___________________

Мансап және практика орталығының басшысы / Руководитель Центра карьеры и практики / Head of the Career and Internship Center ____________

ЖМ деканы / Декан ВШ / Dean of the HS ______________

ББ жетекшісі / Руководитель ОП / Head of the EP ____________

Білім беру ұйымымен келісілген/Согласовано с организацией образования

Павлодар қ. № 17 Жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік орта мектеп басшысы / Директор КГУ «Средняя общеобразовательная профильная школа дифференцированного обучения № 17 г.Павлодара

________________ Досанова Р.С. 20_____ ж.

**Б қосымшасы**
(міндетті)

**ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламасының нысаны**

**______________________________ пәні бойынша**
**дуальді оқыту бағдарламасы**

*(пәннің 40%-ы университет базасында және 60%-ы білім беру ұйымы базасында оқытылады)*

| Апта / кезең | Модуль / тақырып | ОН | Дәрістер | Практикалық / семинарлық / зертханалық / студиялық | БОӨЖ | БӨЖ | Негізгі тапсырма / бағалау нысаны | Тапсырманы орындау мерзімі | Меңгеру | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Университеттегі сағат саны | Білім беру ұйымының базасындағы сағат саны |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

**ОН.** Пәннің оқыту нәтижелерінің кодтары көрсетіледі: ОН1, ОН2, ОН3 және т.б.

**Оқу жүктемесі.** Оқу қызметінің түрлері бойынша сағат саны оқу жоспарына сәйкес келуі тиіс.

**Тапсырмалар.** Жоспарда маңызды тапсырмалар мен бағалау нысандарының қысқаша атаулары келтіріледі. Толық сипаттамалар, нұсқаулықтар мен критерийлер ПОӘК-нің тиісті материалдарында орналастырылады.

**Ұзақтығы.** Жолдар саны пәнді іске асыру кезеңімен айқындалады.

**В қосымшасы**

(міндетті)

**Дуальды оқыту туралы шарттың нысаны**

| **ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ № ________________ ШАРТ** | **ДОГОВОР О ДУАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ № ________________** |
|---|---|
| **Павлодар қ. ___________2025 ж.** | **г. Павлодар ___________ 2025 г.** |
